

И. Алдияр, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының
доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІПТІК ӘДЕБІНДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанның дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне енгені ешқандай дау тудыра қоймасы анық. Бұл күнде БАҚ-тың дәуірлеп тұрған заманы, яғни ХХІ ғасырда жер бетіндегі барлық адамзат ақпараттан хабардар болуы тиіс. Жалпы, Қазақстан егемендік алғаннан бері қоғамның барлық саласында көптеген өзгеріс болды. Сондай өзгерістер БАҚ саласында да ерекше көрініс тапты.

Қазақстан журналистер одағы және бас редакторлар клубы басқармаларының бірлескен отырысында, яғни 2012 жылдың 30 қазанында қабылданған хаттамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарының жұртшылықты объективті қамтамасыз етудегі маңызды рөлі мен миссиясын сезіне отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық-этикалық үлгі-қалыптарға жақындықты тұтастай бөлісе отырып; сөз бостандығы мен ой-пікір білдіру журналистің ажырамас құқығы, еркін бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің міндетті шарты екенін мойындай отырып; Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын, БҰҰ-ның Баспасөз бостандығының бүкіләлемдік хартиясын, ҚР Конституциясы мен қолданыстағы заңнамаларын басшылыққа ала отырып; Қазақстан журналистері мен БАҚ қызметкерлерінің моральдық-этикалық қағидаттары мен кәсіби қызметінің нормаларын қалыптастыратын ҚР журналисінің этикалық кодексі қабылданған болатын. Ақпарат өкілдері туралы әділеттіліктің жаршысы, халық мүддесінің жанашыры деп айтсақ, қателеспейміз. Дегенмен осы журналистік этиканы ақпарат өкілдерінің барлығы дерлік сақтап жүр ме?

Этика адамгершілік принципіне бағынады және саналы азамат болуды қалайды. Демек, журналистте осындай қасиеттерге ие болу керек екені түсінікті. Өйткені журналистің кәсіби мамандығында мұндай қасиеттерсіз табысқа жетуі қиын. Этика адамгершілік арға қатысты. Ал ар бар жерде ұятта ұмытылмайды. Сондықтан журналистке этикалық нормаларды сақтау — негізгі міндет. «Журналистің жұмысы халық сынына түседі, оған халық төрелік етеді. Сол себепті журналист өз мамандығының, қызметінің халыққа керек екенін терең сезініп, жауапкершілігін, борышын адал атқаруы қажет. Кейде шектен шығу, өрескел іс-әрекет осы журналистерден де байқалып жататына ақиқат және мұндай жайттар өзін жоғары бағалаудан туындайтыны да белгілі»¹.

Журналистің ар-ұяты оның барлық іс-әрекетінің өлшемі, яғни этикалық нормаларға карама-қайшы іс-әрекет жасау журналист ұятының деңгейін айқындай түседі. Ғұлама ғалым әл-Фарабидің айтуынша, қайырымдылықтың екі саласы бар: бірі — этикалық, екіншісі —

интеллектуальдық дейді. Соның ішіндегі этикалық қайырымдылық туралы жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік деп жазады ол. Журналистің мәдениеттілігінен-ақ оның қоғамдық-саяси ахуалға деген ұстанымы мен моральдық-этикалық тәлім-тәрбиесінің деңгейі анықталады. Сонымен қатар заңда жазылмаған этикалық нормаларды журналист өз санасымен айқындауы қажет. Қазіргі таңда журналистің этикалық нормалары туралы өте сирек айтылып жүр, алайда бұл — Қазақстан журналистикасы үшін өте зәру мәселелердің бірі. Себебі этика мәселесіне тек соңғы кездері ғана назар аударыла бастады.

«Этика» саласын ғылымға енгізген Аристотель болатын. Аристотель адамның ақыл-парасатының қабілетін этикадағы ең жоғары қозғаушы күш деп тапты. «Рақымшылдыққа ең алдымен дұрыс бағытталған ақыл қызмет етеді»². Демек, адам баласының сезімі дұрыс бағытталса, онда ақыл-ойы да соған орай іс-әрекетке барады. Жалпы алғанда, этикалық норма кәсіби моральдің ең алғашқы элементі болумен бірге, мінез-құлық, ар-ұжданның қоғамға қажетті, ортақ әрі әдеттегі нұсқаларды анықтап, мойындалмаған әрекеттерге тыйым салу секілді негізде маңызды рөлі атқарады. Бүгінде журналистің кәсіби этикасы жөнінде елімізде өте аз зерттелген. Осы маңызды мәселемен арнайы айналасып жүрген мамандар да жоқтың қасы. Сондықтан алдағы уақытта журналист этикасы туралы мәселелерді жан-жақты терең зерттеу — бүгінгі өмірден туындап отырған қажеттілік.

Этиканы кәсіби моральдің құрылымын зерттейтін ғылым деп қарайтын болсақ, журналистке моральдік нормаларды ұстану — ең бір қажетті қасиет. Журналистердің жазған еңбектері, ең бастысы, одан шыққан қорытындылары көптеген бұқара халықтың мүддесіне тиісті. Себебі БАҚ арқылы қоғамның көзқарасы, оқиғаны түсінуі үнемі өзгеріп отырады. Журналистке қойылатын моральдік талаптың қиындығы жоқ, тек талапты дұрыс пайдалана білу қажет. Тіпті, егжей-тегжейлі қабылданған кодекстің өзі журналистің аяқ асты тап болған оқиғасына түсінік бере алмауы мүмкін. Бұл кезде тек журналистің кәсіби этикасы мен ар-ұяты ғана маңызды рөл атқаруы мүмкін. Сондықтан журналистің әрбір іс-әрекеті белгілі бір адами, кәсіби заңдармен шектелуі тиіс. Кей журналистер еш нәрсеге жіті мән бермей, кемшілік жіберген кезде этикалық кодекстармен ақталып жататыны тағы бар. Мұндай сәттерде ол өз қатесін түсініп, кешірім сұрамаса, алдағы уақытта да көптеген қиыншылыққа тап болары сөзсіз.

Сонымен қатар журналист өз қызметін атқару барысында адамдардың құқықтарын қорғап, адамның жеке басын құрметтеуі тиіс. Адамдардың жеке құқықтарына Конституцияда кепілдік берілген: «Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырамас құқығын ең қымбат қазына деп таниды және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асырады» немесе: «Адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды». Баспасөз зерттеушісі В. М. Теплюк: «Журналист ең алдымен, өзінің материалдарымен соттың шешімін ауыстырмауға, одан озып кетпеуге, кінәсы анықталмаған адамға кір жұқтырмауға тырысу керек»,³ — деп жазады.

Бүгінгі журналистің кәсіби этикасы алдында мынадай басты міндеттер тұрғандығы белгілі:

1. Қоғамға қатысты барлық құндылықтарды сақтап, қорғау. Барлық жағдайда азаматтық дұрыс көзқарастар қалыптастыру.

2. Демократиялық тұрғыда халықаралық және құқықтық заңдылықтарды, ортақ қабылданған этикалық-моральдық заңдылықтарды сақтау.

3. Кез келген адам баласының ар-ұяты мен намысына сыйластықпен қарап, өзін-өзі тәртіпті ұстау.

Адал әрі әділ болу — журналист этикасының ең бір игі қасиеті. Өмірдің объективтік шындығын көпке жеткізуші, сол арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырушы, төртінші билік иелерінің ешқашан да өтірік айтуға, жалған ақпарат таратуға қақысы жоқ. Әрі журналист этикасының да қастерлі қасиеті болып табылады. Қазақстанда журналистік этика мәселесі «Бұқаралық ақпарат құралдары» заңында мазмұндалған. Аталған заңда этикамен бірге БАҚ-тың жұмыс істеу міндеттері мен журналистердің құқықтары бірнеше бапта белгіленген.

Этика мәселесі қашанда маңызды тақырыптардың қатарында екені сөзсіз. Сонымен қатар қандай мәселені көтермесін, тек қана жалғыздың сөзін жақтамай, халық игілігі үшін қызмет ету моральдық-этикалық қасиет екені анық.

- ¹ Дэвид Рэндалл. Универсальный журналист. — М., 1996. 450-6.
- ² Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы, 1975. 296-66.
- ³ Теплюк В.М. Этика журналистского творчества. — М., 1990. — С. 229.